

Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 шілде N 999. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.29. N 600 қаулысымен.

Қазақстанда әйелдердің жағдайын жақсарту, әйелдердің жағдайы жөніндегі IV Бүкіл дүниежүзілік конференцияның (Пекин, 1995 ж.) іс-қимылдар тұғырнамасын іске асыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын белгіленген тәртіппен Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдердің жағдайы жөніндегі комиссиясына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 19 шілдедегі
N 999 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары

Кіріспе

Қазақстан Республикасы - өзінің негізгі мақсат-мұраты қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, мемлекет өміріндегі толғақты мәселелерді демократиялық жолмен шешу деп жариялаған, ж а с , е г е м е н м е м л е к е т .

Нарықтық қатынастарға көшуге байланысты Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөнінде Үкімет қабылдаған шаралар ойдағыдай нәтижелер бермеді.

Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім азайды, өнеркәсіп пен ауыл

шаруашылығы өндірісінің көлемі кеміді, жұмыссыздық ұлғайды, халықта баланың тууы азайып, өлім көбейіп кетті, көші-қон құбылысы үдей түсті, соның салдарынан республика тұрғындарының саны кеміді.

Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін "Қазақстан - 2030" ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы қабылданды. Ұзақ мерзімді басымдықтар ретінде мыналар айқындалады:

шетелдік инвестициялардың және ішкі қорлардың жоғары деңгейімен қатар ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу,

Қазақстанның экономикалық ресурстарын тиімді пайдалану;

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты;

осы заманғы инфрақұрылымды дамыту және басқалар.

1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда 8038 мың әйел болды, бұл халықтың жалпы санының 51,4 процентін құрайды. Әйелдердің еңбекке қабілетті жасқа дейінгісі - 29,8%, еңбекке жарамды жастағысы - 53,7%, еңбекке жарамды жастан асқаны - 16,5%. Әйелдердің 56%-і қалалар мен қала төңірегінде тұрады. 1997 жылы әйелдердің орташа өмір сүруінің ұзақтығы 70,2 жыл болды, бұл еркектерге қарағанда 11,2 жыл ұзақ (59 жыл).

Ұлттық іс-қимылдар жоспарын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы мен әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия БҰҰ ұсынған нұсқаға сәйкес, қоғамдық ұйымдардың және халықаралық ұйымдардың қатысуымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жасады.

Стратегиялық мақсат - "Қазақстан - 2030" ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі мен ролін арттыру және әйелдердің жағдайын жақсарту үшін мүмкіндіктер жасау және пәрменді тетіктер дайындау.

А. Әйелдер және кедейлік

Нарыққа көшу, өндірістің құлдырауы, бүкіл шаруашылықты жүргізу жүйесінің қайта құрылымдалуы, адамдардың кәсіпкерлік тәжірибесі және бастапқы капиталы болмауы, әлеуметтік кепілдіктер жүйесінің өзгеруі республика халқының едәуір бөлігінің тіршілік дәрежесі төмендеуіне әкеліп соқтырды.

Салық түсімдері есебінен өмір сүріп келген және, көбінесе, кәсіпорындардың меншігі болып табылатын бүкіл әлеуметтік сала аса қиын қаржы тапшылығына ұшырады.

Ең алдымен, көп балалы аналар мен асыраушысынан айрылған отбасылар, зейнеткерлер мен мүгедектердің үлкен бөлігі, жұмыссыздар, сондай-ақ жалақысын дер кезінде алмайтын қызметкерлер, еңбегіне ақы аз төленетін

бюджеттік ұйымдардың өкілдері, жұмысқа қабілетсіз жастар кедейлердің арасына тап болды. Бұл ретте қалалықтарға қарағанда, ауыл халқы кедейірек т ұ р а д ы .

Халықтың кірісінің негізгі көзі жалақы болып отыр.

Орташа айлық жалақы 1998 жылы 9682 теңгені (124 АҚШ долларын) құрады. Әйел еңбегі басым секторларда (білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету салаларында) республикадағы ресми орташа жалақыдан үштен бір еседен астам төмен. Күнкөрістің ең азы айына 3,3 мың теңге жағдайында, ел бойынша орташа алғанда жан басына шаққандағы ақшалай табыс айына 3 мың теңгеге жуық қана болды. Аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қолдау үшін Үкімет белгілі дәрежеде шаралар қолдануда. Мәселен, 1999 жылға дейін балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек жәрдемақылардың мынадай бес түрі бойынша к ө р с е т і л і п к е л д і :

б і р ы ң ғ а й ;

7 жасқа дейінгі төрт және одан көп баласы бар, жұмыс істемейтін, көпбалалы а н а л а р ғ а ;

адамның шалдыққан имунтапшылығы вирусын жұқтырған балаларға немесе С П И Д - п е н а у ы р а т ы н д а р ғ а ;

қысқа мерзімді әскери қызметшілердің балаларына;
үйде тәрбиеленетін және оқу оқитын, мүгедек балаларға.

Бұл ретте бірыңғай жәрдемақы аз қамтылған отбасыларына ғана тағайындалып келді, жәрдемақылардың қалған бөлігі халықтың неғұрлым әлеуметтік-осал санаттарына олардың кірістеріне қарамастан беріліп отырды.

1998 жылы балаларға арналған жәрдемақыны жан басына шаққандағы орташа айлық жиынтық кірісі екі есептік көрсеткіштен аспаған отбасылары алды. Бұл көрсеткіш зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін пайдаланылады және жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда бекітіліп отырады. Өткен жылы оның мөлшері 645 теңгені (8,2 АҚШ долларын) құрады. Бірыңғай жәрдемақымен 923,2 мың бала қамтылып , жәрдемақының барлық түрлерін алатындардың 98%-ін құрады.

Одан басқа, тұрғын үй жәрдемақылары тұрғын үйді ұстаудың және коммуналдық қызметтерді тұтынудың ақысына жұмсаған шығындары іс жүзінде жиынтық жүзінде жиынтық табысының 30 процентінен асып кеткен, аз қамтылған отбасыларына төленді.

1999 жылдан бастап жәрдемақылар атаулы көмекпен ауыстырылды, ол балалы отбасыларына, адамның тууы мен өлуі жағдайларында, сондай-ақ тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметті тұтынуға ақы төлеу үшін берілетін болады .

Әлеуметтік көмек жергілікті бюджеттерден қаржыландырылады. Жергілікті

бюджеттерді қалыптастыру үшін де, жұмсау үшін де жауаптылықта болатын жергілікті атқарушы өкімет органдары әкімшілер ретінде әрекет етеді. Отбасының атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждылық шегінің мөлшері әкімдердің шешімдерімен айқындалады.

Қазақстанда кедейлікті азайту үшін айқындаушы кезең жұмыс орындары жасалуын және жалақы ұлғайтылуын қамтамасыз ететін ауқымды да тұрақты ө р к е н д е у б о л у ы т и і с .

Халықтың кірісі саясатында негізгі міндет еңбекке ақы төлеу, оның ішінде жалақының ең аз мөлшерін күнкөрістің ең аз мөлшеріне дейін біртіндеп жеткізу, барлық ақшалай кірістердің жариялылығын ынталандыру және мемлекеттік мекемелер қызметшілердің еңбегіне ақы төлеудің жалпы деңгейін көтеру жолымен оны ұлғайту болып табылады. Әлдеқандай себептермен жұмыс таба алмай жүрген еңбекке жарамды тұрғындар шағын несиімен кеңінен қамтылатын болады.

А. бөлімі бойынша іс-шаралар жоспары. Әйелдер мен кедейлік

--

Рет	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсаруына қарай отбасы мен әйелдерді әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру	"Әлеуметтік қамсыздандырудың ең аз нормалары туралы" ХЕҰ-ның N 102 конвенциясына қосылу на қосылу	Конвенцияға қосылу
2	Аз қамтылған және әлеуметтік қысым көрген әйелдерді қолдау	Қоғамдағы мүгедектерді сауықтыру және интеграциялау бағдарламасын әзірлеу	Қазақстан Респуб. ликасы Үкіметінің қ а у л ы с ы
			Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

		Әйелдер, жас өспірімдер мен балалар үшін әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру	Әкімдердің шешімдері
		Аз қамтылған отбасылары үшін балалар бақшаларын ұйымдастыру	Әкімдердің шешімдері
3	Мекен-жайлы адамгершілік көмек	Аз қамтылған отбасыларына адамгершілік көмектердің жеткізілуін үйлестіру	Үкіметтің қаулысы

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7

Еңбекәлеуметмин, ИМ, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия	2005 ж.	
КДА, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2005 ж.	
Еңбекәлеуметмин, облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері	1999 ж.	
Облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері	2005 ж.	Жергілікті бюджеттердің қаражаты шегінде, халықаралық

		ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері, ИМ, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	2005 ж.	Жергілікті бюджеттердің қаражаты шегінде, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, Еңбекәлеуметмин, ИМ, Денбілімспортмин	2002 ж.	Халықаралық ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар

Б. Әйелдердің білімі және оларды оқыту

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, барлық азаматтарға, олардың жынысына қарамастан, мемлекеттік оқу орындарында орта білім алуына кепілдік беріледі. Қазақстан азаматтарының конкурстық негізде мемлекеттік оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар. Білім беру мемлекеттің бақылауында болады, мемлекет оның міндетті стандарттарын белгілеп отырады.

Қазақстан Республикасының конституциясына сәйкес барлық азаматтарға, олардың жынысына қарамастан, мемлекеттік оқу орындарында міндетті орта білім алу қамтамасыз етіледі. Қазақстанның азаматтарының конкурстық негізде мемлекеттік оқу орындарында тегін жоғары білім алуға мемлекет құқығы бар. Білім беру мемлекеттің бақылауында болады, мемлекет оның міндетті стандарттарын белгілеп отырады.

Қазақстанда білімді әйелдер еркектерден көбірек. Жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандардың арасында олар 62%-ті құрайды.

Білім беру жүйесінде жұмыс істейтін әйелдердің зиялылық өресі жоғары (77%). Соған қарамастан, 16 облыстық және қалалық оқу басқармалары бастықтарының арасында 7 ғана әйел бар (44%). Жоғары оқу орындарындағы басшылардың арасында әйелдердің проценті өте төмен. 51 мемлекеттік жоғары оқу орнының арасында екеуінің ғана ректоры әйел (4%).

Жоғары білімді мемлекеттік білім гранттары немесе несиелері арқылы да алуға болады. Бұл жағдайда ең алдымен кедей отбасыларының балалары мен ауылды жерлерде оқығандар қиыншылық көруде. Аз қамтылған отбасыларында қыздардың білім алуына жете көңіл бөлінбейді.

Балабақшаларда сәбилерді ұстаудың ақысы көтеріле түсуде. 1991 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі балалар торабы 80%-ке дерлік қысқарды.

Білім беру саласындағы негізгі міндеттер: қаржылық ресурстарды, әсіресе ауылдық мектептер үшін үнемді пайдалану, дәріс берудің әдістемелерін жетілдіру, аз қамтылған отбасылары балаларының білім алуына жол берілуін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлу, мүгедек балаларды кәдімгі мектептерге тарту болып табылады.

Б. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдердің білімі және оларды оқыту

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекет	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Халыққа гендерлік (әлеуметтік-құқықтық) білім беру	Жыныстық ғұрыптарды жою мақсатында жаңа оқулықтарды шығару кезінде гендерге байланысты көзқарасты енгізу Жоғары және орта оқу орындары жүйесінде гендер пәндерін енгізу	Министрдің бұйрықтары
2	Әйелдердің экономикалық, құқықтық және кәсіби сауаттылығын арттыру	Еңбекке тәрбиелеу, оқыту және даярлау мәселелері жөнінде тернинг орталықтарын құру Жұмыссыздардың арасынан әйелдерді нарықтық экономикаға қажетті дағдылар мен білімдерге үйрету Әйелдерді, оның ішінде жұмыссыздарды, олардың	Орталықтар құру

		біліктілігі мен өзін өзі	
		жұмыспен қамтуын арттыру	
		мақсатында компьютерлік	
		білім алуын және жаңа	
		технологияларға қол жет.	
		кізуін қамтамасыз ету	

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7

Денбілімспортмин, Ғылыммин, СІМ, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	2000 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялар
Қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша), СІМ, Еңбекәлеуметмин, Мәдениет. қоғамақпаратмин, облыстардың, Астана және Алматы қк. әкімдері (келісім бойынша)	Әрқашан	Жергілікті бюджеттер, халықаралық ұйымдар қаражаттарының шегінде
Еңбекәлеуметмин, Мәдениет. қоғамақпаратмин, облыстардың, Астана және Алматы қк. әкімдері	Әрқашан	Жергілікті бюджеттердің қаражаты шегінде

В. Әйелдер және денсаулық

"Қазақстан - 2030" ұзақ мерзімді даму стратегиясында азаматтардың денсаулығы, білім мен игілігі негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалған.

Халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында 1998 жылғы

18 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" U983956_ Жарлығы қабылданды. Сондай-ақ Президенттің 1998 жылғы 16 наурыздағы U984153_ Жарлығымен, ананың денсаулығын қорғау, отбасын жоспарлау бала тамағы, респираторлық індеттер (пневмония) мен балалардың диарей ауруларының және басқалардың алдын алу және емдеу бөлімдерін қамтитын "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Республикада аналар және перинаталь өлімдерін азайту жөніндегі бағдарлама, Рұқтық (репродуктивтік) денсаулықты сақтау жөніндегі ұлттық бағдарлама, СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жүргізу жөніндегі 1996-2000 жылдарға арналған ұлттық іс-қимылдар бағдарламасы, жыныс жолымен берілетін аурулардың алдын алу және оны бақылау жөніндегі 1996-2000 жылдарға арналған бағдарлама, т.б. жұмыс істеуде. Ұлттық генетикалық тіркелім әзірленді және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі бағдарлама жасалуда.

Соған қарамастан әйелдер денсаулығының индексі небәрі 30%-ті құрайды, ал жекелеген облыстарда (Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан) 20%-тен де төмен.

Аналар мен сәбилер өлімінің, түсік тастау мен жыныс қатынастары арқылы ауысатын аурулардың деңгейі жоғары болып отыр. Рұқтық денсаулық жөніндегі қызметтерге, әсіресе ауыл тұрғындарының жаппай қолын жеткізу қамтамасыз етілген жоқ.

Ана өлімі көбейіп кетті. 1998 жылы ол тірі бала туған әрбір 100 мың анаға 77,5-тен келді. Әсіресе Шығыс Қазақстан облысында жағдай қолайсыз, бұл көрсеткіш орташа республикалық деңгейден 1,6 есе асқынған және 123,6-ға жеткен, Қостанай мен Ақтөбе облыстарында - 1.57 есе (122), Астана қаласында - 1.48 есе (115), Павлодар облысында 1.36 (105.5).

Жүкті әйелдердің жартысынан астамы анемиямен ауырады, Оңтүстік Қазақстан облысында осы ауруға болашақ аналардың 76%-і, Астана қаласында - 63% - шалдыққан.

Іштен аномалиямен туған балалардың саны көбейіп келеді. 1998 жылы олар 3371 болды. Әйелдерді контрацептивтермен қамту баяу.

1998 жылы оларды 1,5 млн. әйел, яғни фертильдік жастағы әйелдердің 41%-і ғана қолданды.

Әйелдердің денсаулығын қорғау стратегиясы халықтың аналар тобы үшін рұқтық (репродуктивтік) денсаулықтың стандарттарын әзірлеуді, қауіпсіз аналық әдістемелерін енгізуді, халықты осы заманғы контрацептивтермен қамтамасыз етуді, аймақтардың ерекшеліктерін және халықтың әртүрлі топтарының рұқтық (репродуктивтік) әдет-ғұрпын ескере отырып, отбасын жоспарлау саласында ғылыми-әлеуметтік зерттеулер жүргізуді көздейді.

Репродуктивті денсаулықты қорғау мақсатында әйелдерге жүктілік және босану жөнінде біржолғы жәрдемақылар төленеді. Қазіргі кезде бұл жәрдемақыларды төлеу ата-аналардың өздеріне жүктелген. Бұл ретте жәрдемақылардың мөлшері орташа айлық жалақының есебінен айқындалады, бірақ 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспауы тиіс.

Бала туған кезде аз қамтылған отбасыларына әлеуметтік жәрдем жасалатын болады, оның мөлшері жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктеріне қарай анықталады.

Республикада әйелдердің репродуктивті денсаулығын қорғау, экологиялық репродуктология мәселелері, жыныс жолымен берілетін ауруларды емдеудің, диагноз жасау мен алдын алу, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде елеулі ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

БҰҰ Халықтардың орналасу қорымен бірге Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында халықтың рұқтық (репродуктивтік) әдет-ғұрыптары мен денсаулығы бойынша әлеуметтік-әдістемелік зерттеулер жүргізілді. Мұндай зерттеулер бүкіл Қазақстан бойынша жүргізіліп жатыр.

1999 жылы балалары жоқ жұбайлар жұптарына жәрдемдесу үшін экстракорпоральдық ұрықтандыру лабораториясын ашу жоспарланып отыр.

Репродуктивті денсаулықты қорғаумен жекелеген үкіметтік емес әйелдер ұйымдары да шұғылданады, олардың саны Қазақстанда 30-ға жуықтайды.

Бұдан әрі әйелдердің денсаулығына қатысты қабылданған барлық бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жалғаса бермек.

В. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдер және денсаулық

Рет	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекет	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Әйелдер мен балалардың денсаулық жағдайын жақсарту	"Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру: Мынадай: рұқтық денсаулықтың медициналық-демографиялық	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

| астарлары; қауіпсіз аналық |
| проблемаларының ғылыми |
| негіздері бағдарламаларын |
| іске асыру |
| |
| Ананың денсаулығын сақтау; |
| Қосымша босандыру мекеме. |
| лерін және санавиацияның |
| реанимациялық бригадаларын |
| осы заманғы аппаратурамен, |
| жабдықтармен және дәрі- |
| дәрмектермен жабдықтау |
| |
| Балалар тамағы 6 айға де. |
| йін балаларды омыраумен |
| қоректендіру бағдарламасын |
| іске асыру Отбасын жоспар. |
| лау Контрацептивтік сая. |
| сатты әзірлеу Ұлттық |
| генетикалық тізілімді және |
| медициналық-генетикалық |
| мониторингті енгізу |
| Тәуекелге неғұрлым бейім |
| топ ретінде қыздар мен |
| аналарға ерекше көңіл бөле |
| отырып, ВИЧ-індеттің одан |
| әрі таралуына жол бермеу |
| жөніндегі бірінші кезек. |
| тегі іс-шаралар |
| Салауатты өмір салтын |
| қалыптастыру Салауатты |
| өмір сүру салтының ұлттық |
| саясатын айқындау |
| Темекі және алкоголь зат. |
| тарын алу, сату және |
| тұтыну жөніндегі мәселе. |
| лерді реттеу |
| Есірткілердің әсіресе |
| жастар арасында тұтынылуы. |

		ның алдын алу	
		"Денсаулық қаласы",	
		"Денсаулық мектебі",	
		"Денсаулыққа жәрдемдесетін	
		ауруханалар"	
2	Өмірдің бастауынан ден.	"Хауіпсіз аналық" жобасын	Қолданылып жүрген
	саулықты қамтамасыз	тарату ДДҰ "Балаға	заңдарға сәйкес
	ету, босануға дейінгі	мейірімді ауруханалар	
	және перинатальдық жәр.	бастамасы бойынша өлшем.	
	демге, педиатриялық	дерді енгізу Емшектегі	
	қызметтерге қол жеткі.	және балғын жастағы бала.	
	зуді жақсарту	ларға қатыгез қарауды	
		болдырмау жөніндегі бағ.	
		дарламаларды әзірлеу	
		Бала кездегі ауруларды	
		кешенді емдеудің страте.	
		гиясын енгізу	
3	Отбасына, әйелдерге	"Адамның рұқтық (репро.	Заңның жобасы
	және балаларға қатысты	дуктивтік) құқықтары және	
	заңдарды жетілдіру	оларды жүзеге асыру	
		кепілдіктері туралы"	
		Қазақстан Республикасының	
		заңын әзірлеу	
		Тірі және өлі туу жөнін.	Үкіметтің қаулы.
		дегі ДДҰ өлшемдеріне көшу.	лары
		ге байланысты нормативтік	
		құқықтық актілерді қайта	
		қ а р а у	
4	Аймақтарда әйелдердің	Шығыс Қазақстан, Қараған.	Үкіметке ақпарат
	рұқтық (репродуктивтік)	ды, Оңтүстік Қазақстан,	
	денсаулығын жақсарту	Павлодар, Алматы облыста.	
		рында және Алматы қ. рұқ.	
		тық денсаулықты қорғау	
		жөніндегі жобаларын іске	
		а с ы р у	

		Алматы және Шығыс Қазақ.	Қолданылып жүрген
		стан облыстарында алғашқы	заңдарға сәйкес
		медициналық-санитарлық	
		жәрдемді дамыту жөніндегі	
		бағдарламаны іске асыру	
		Отбасындық дәрігерлік	Қолданылып жүрген
		амбулаториялардың торабын	заңдарға сәйкес
		құру, мамандар даярлау	
		аймақтық медициналық-эко.	Қолданылып жүрген
		логиялық бағдарламалар	заңдарға сәйкес
		әзірлеу	
5		Жыныс жолымен берілетін	Жыныс жолымен берілетін
		Қолданылып жүрген	
		аурулардың деңгейін	аурулардың алдын алу және
		түсіру	заңдарға сәйкес
			бақылау жөніндегі 1999-
			2000 жылдарға арналған
			бағдарламаларды іске асыру
6		Анемиямен және йод	Жүкті және бала емізетін
		тапшылығына байланысты	Қолданылып жүрген
		аурулармен аурудың	әйелдердің тамақтануын
		деңгейін түсіру	заңдарға сәйкес
			жақсарту жөнінде бағдарла.
			ма әзірлеу
7		Фертилдік (бала туатын	Емшек безінің қауіпті
		жастағы әйелдердің	Қолданылып жүрген
		денсаулығын жақсарту	ісігімен күрес жөніндегі
			заңдарға сәйкес
			бағдарламаны енгізу
8		Денсаулық сақтау қыз.	Гендерлік проблематика
		меткерлерін, гендерлік	Қолданылып жүрген
		(әлеуметтік-құқықтық)	бойынша денсаулық сақтау
		проблематика және вале.	заңдарға сәйкес
		ология (салауатты өмір	жөнінде бағдарлама әзірлеу
		салты) бойынша сабақ	Валеология (салауатты өмір
		берушілерді оқыту	Қолданылып жүрген
			заңдарға сәйкес
			бағдарламаларын іске асыру

таблицаның жалғасы

Жауапты атқарушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7
Денбілімспортмин, СІМ, облыстардың, Астана және Алматы ққ. әкімдері, Ғылыммин	2000-2020 жж. 2000 ж. 2000 ж. 2000 ж. 2000 ж. 2000 ж. Өрқашан	Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты шегін. де, ДДҰ, халықаралық ұйымдар. дың гранттары мен инвестиция.
Денбілімспортмин, СІМ, облыстардың, Астана және Алматы ққ. әкімдері	2005 ж.	ДДҰ, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Денбілімспортмин, Әділетмин, БҰҰ Халықтары орналастыру қорының Қазақстандағы өкілеттігі (келісім бойынша), қоғамдық бірлестіктер (келісім	2000 ж.	

(бойынша) Денбілімспортмин, 2000 ж.		
қоғамдық бірлестіктер		
(келісім бойынша)		
Облыстардың, Алматы қ. 1999-2000 жж. БҰҰ Халықтарды орналастыру		
әкімдері, СІМ, Қазақстан		қоры, халықаралық ұйымдардың
профилактикалық медицина		гранттары мен инвестициялары
академиясы (келісім		
бойынша), БҰҰ Халықтарды		
орналастыру қоры (келісім		
бойынша) Алматы және Шығыс 2000 ж. БҰҰ Халықтарды орналастыру		
Қазақстан облыстарының		қоры, халықаралық ұйымдардың
әкімдері, Денбілімспортмин,		гранттары мен инвестициялары
БҰҰ Халықтың орналасу қоры		
(келісім бойынша)		
Денбілімспортмин, 2000 ж. Жергілікті бюджеттер қаража.		
Облыстардың, Астана және		тының шегінде
Алматы ққ. әкімдері		
Денбілімспортмин, 2000 ж. Республикалық және жергілікті		
Табиғатмин, СІМ, Қазақстан		бюджеттер қаражатының шегін.
профилактикалық медицина		де, халықаралық ұйымдардың
академиясы (келісім бойын.		гранттары мен инвестициялары
ша), Облыстардың, Астана		
және Алматы ққ. әкімдері		

— — |

Облыстардың, Астана және 2000 ж. Республикалық және жергілікті		
Алматы ққ. әкімдері,		бюджеттер қаражатының шегін.
Денбілімспортмин, СІМ		де, халықаралық ұйымдардың
		гранттары мен инвестициялары

Облыстардың, Астана және 2000 ж. Республикалық және жергілікті		
Алматы ққ. әкімдері,		бюджеттер қаражатының шегін.
Денбілімспортмин,		де, халықаралық ұйымдардың
Ғылыммин.		гранттары мен инвестициялары

Денбілімспортмин, Ғылым. мин, СІМ	2000 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының шегін. де, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Денбілімспортмин, Отбасы және әйелдер істері жөнін. дегі ұлттық комиссия, СІМ	2005 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының шегін. де, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Денбілімспортмин, СІМ, облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері	2000 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының шегін. де, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары

Г. Әйелдерге қарсы зорлық

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адамның намысына қол сұғуға болмайды. Ешкім де азаптауға, зорлыққа, адамның намысын түсіретін басқа да қатыгездік немесе шабуыл әрекеттеріне ұшырауға тиісті емес.

Әркімнің өз ар-ожданын және намысын қорғауға құқығы бар. Қатыгездік пен зорлық-зомбылық салтын насихаттауға жол берілмейді.

Соған қарамастан қылмыскерлік деңгейі мен зорлық фактілері жоғары күйінде қалуда. Мәселен, 1997 жылы 97,5 мың қылмыс жасаған адам анықталды, оның ішінде 13,7 мыңы (14%-і) әйелдер.

Әйелдерге жасалатын зорлықтың ең көп тараған түрі тұрмыстық (денеге, психологиялық, жыныстық) зорлық. Бұл ретте әйелдерге қатысты зорлық фактілері толық статистикалық деректер жоқ, өйткені, мұндай әрбір оқиға құқық қорғау органдарында ресми түрде тіркеле бермейді.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, қазақстанда барлық әйелдердің 60%-тен астамы өмірінде бір рет дене тұрғысынан немесе жыныс қатынасынан зорлыққа ұшырайды. Тек 1996 жылы ғана 2026 рет зорлық тіркелген. 1995 жылы 718 адам өлтірілген, яғни өлген адамдардың әрбір төртіншісі әйел болған.

Жезөкшелік етек алып келеді, бұл негізінен әйелдерге жасалатын экономикалық зорлық (коммерциялық секс) нысанында көрінуде.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылғаннан кейін ішкі істер министрлігінде әйелдерге қатысты

зорлықтың көріністерімен күрес жүргізу жөнінде арнаулы бөлімше құрылды.

Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу кодекстеріне әйелдерге қатысты жасалған қылмыс үшін жауаптылықты күшейтуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар дайындалуда.

Бұдан кейін жаңа актілерді қабылдау және қолданылып келген нормативтік құқықтық актілердің халықаралық нормаларына оларды сәйкестендіру, зорлықтың құрбаны болғандарға оларды әлеуметтік оналту жөнінде пәрменді көмек көрсетілуін қамтамасыз ету, зорлыққа тап болған әйелдермен жұмыс істеу үшін мамандарды арнайы даярлауды және оқытуды ұйымдастыру мен басқарулар қарастырылуда.

Әйелдер, жасөспірімдер мен балалар үшін әлеуметтік бейімдеу, дағдарыс орталықтарын құру көзделіп отыр.

Г. бөлімі бойынша іс-қимылдар жоспары. Әйелдерге қарсы зорлық

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.09. N 95 қаулысымен.

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекет	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Әйелдерге қатысты зорлық проблемалары жөнінде қолданылып жүрген заңдарды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру	Әйелдерге қатысты зорлық мәселелері жөніндегі заңдарға сараптамалық бағаларды беру	Сараптама актісі
		Әйелдерге қатысты қылмыстық-жаза қолданатын әрекеттер жасаған адамдардың жауапкершілігін күшейту мәселесі жөнінде Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу кодекстерінің баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.	Заңның жобасы

		"Тұрмыстық зорлық туралы" Заңның жобасы	
		Қазақстан Республикасы	
		заңының жобасын әзірлеу	
2	Әйелдерге қатысты қыл. мыстар жөніндегі ста. тистикалық есептерді халықаралық нормаларға сәйкес келтіру	Тиісті көрсеткіштердің жүйесін әзірлеу және мем. лекеттік статистикалық есептемеге енгізу	Мемлекеттік ста. тистикалық есеп
3	Әйелдерге қатысты тұр. мыстық зорлық туралы неғұрлым толық және объективті ақпарат алу	Зорлықтың неғұрлым көп тараған, неғұрлым жиі зорлауға ұшыраған адамдарды, әйелдерге қатысты зорлыққа жол ашатын себептер мен жағдайларды анықтау үшін әйелдерге қатысты зорлау фактілеріне зерттеу жүргізу	Зерттеулер
		Ішкі істер министрлігі жанынан зорлықтың нысандары, себептері, сипаты, дәрежесі мен салдары туралы деректердің ақпараттық банкін жасау.	Деректер банкі
		Әйелдерге қатысты зорлау проблемаларымен айналысатын құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өзара ақпарат алмасу, әрекет ету тетіктерін әзірлеу	Үкіметтің қаулысы
4	Зорлық құрбандарына көмек көрсетуді және оларды оңалтуды қамта.	Зорлықтың құрбанына айналған әйелдер үшін бас сауғалайтын орын берілетін,	Әкімдердің шешімдері, министрлердің бұйрықтары

	масыз ету үшін құқық	телефоны бар "Сенімгер"	
	қорғау органдарымен	дағдарыстық орталықтарын	
	басқа да мемлекеттік	ұйымдастыру	
	органдардың, қоғамдық		
	бірлестіктердің пәрмен.		
	ді өзара іс-қимыл теті.	Әйелдерге қатысты зорлық	Министрдің
	гін жасау	фактілері бойынша зорлық.	бұйрығы
		тың құрбаны болғандардың	
		өз есебінен сот-медицина.	
		лық сараптама жүргізу	
		практикасын тоқтату туралы	
		мәселені шешу	
5	Арнаулы қызметкерлерді,	Оқу құралдарын әзірлеу,	Оқу құралдары
	құқық қорғау және ден.	оларды ЖОО-ның, құқық	және бағдарлама.
	саулық сақтау органда.	қорғау колледждерінің	лар
	рының тиісті қызметкер.	оқу бағдарламаларына	
	лерін зорлыққа ұшыраған	енгізу. Оларды оқу-әдісте.	
	әйелдермен жұмыс істеу	мелік материалдармен, кі.	
	үшін кешенді түрде да.	тапшалармен, ақпараттық	
	йындауды және оқытуды	бюллетендермен ұдайы қам.	
	ұйымдастыру	тамасыз етіп отыру	
6	Халықтың арасында әйел.	Халықтың қоғамдық санасын.	Жарияланымдар,
	дерге қатысты зорлық	дағы әйелдердің дәстүрлі	теле және радио.
	мәселелері бойынша	әлеуметтік мәртебесі жө.	хабарлары, кон.
	ақпараттық, білім беру	ніндегі ескі ұғымдарды	сультациялар
	және тәрбие жұмыстарын	өзгертуге бағытталған	
	ұйымдастыру	жүйелі ақпараттық-насихат.	
		тық жұмыс жүргізу	
		Заңгерлік консультация.	
		лар, дағдарыстық орталық.	
		тар мен бұқаралық ақпарат	
		құралдарын пайдалана оты.	
		рып, әйелдерге қатысты	
		зорлықтың алдын алу мәсе.	
		лелері бойынша кәсіби	
		консультациялар беруді	
		д а м ы т у	

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7
Әділетмин, Бас прокуратура (келісім бойынша), ИМ	2007 ж. 1-тоқсан	
Әділетмин, Бас прокуратура (келісім бойынша), ИМ	2000 ж.	
ИМ, Әділетмин, Отбасы және әйелдер ісі бойынша ұлттық комиссия, БҰҰДБ (келісім бойынша)	2000 ж.	
Статагенттік, ИМ, Бас Прокуратура (келісім бойынша), Әділетмин	2000 ж.	
ИМ, Бас прокуратура (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), Әділет. мин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, СИМ, БҰҰДБ (келісім бойынша), қоғам. дық бірлестіктер (келісім бойынша)	2000 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, БҰҰДБ, Халықтарды орналастыру қоры
ИМ, Бас прокуратура (келісім бойынша), ҰҚК	2000 ж. Тұрақты мони.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде,

(келісім бойынша), Әділет. торингі		БҰҰДБ
мин, Отбасы және әйелдер		
істері жөніндегі ұлттық		
комиссия, СІМ, қоғамдық		
ұйымдар (келісім бойынша)		
ИМ, Бас прокуратура	2000 ж.	
(келісім бойынша), ҰҚК		
(келісім бойынша), Әділет.		
мин, Денбілімспортмин,		
Отбасы және әйелдер істері		
жөніндегі ұлттық комиссия,		
қоғамдық бірлестіктер (ке.		
лісім бойынша)		
Облыстардың, Астана және	1999 ж.-	Жергілікті бюджеттер,
Алматы ққ; ИМ, Еңбекәлеу.		халықаралық ұйымдар қаражаты.
метмин, Денбілімспортмин,	Алматы қ.	ның шегінде
Әділетмин, СІМ, қоғамдық	2005 ж.-	
бірлестіктер (келісім	облыс орталық.	
бойынша)	тарында,	
	2005-2010 жж.-	
	аудан орталық.	Жергілікті бюджеттер қаражаты
Денбілімспортмин,	тарында	шегінде
Әділетмин, ИМ		
	1999 ж.	
Денбілімспортмин, ИМ,	2000 ж.	Республикалық және жергілік.
СІМ, БҰҰДБ (келісім бойын.		ті бюджеттер қаражаты шегін.
ша), қоғамдық бірлестіктер		де, БҰҰДБ, халықаралық
(келісім бойынша)		ұйымдардың гранттары мен
		инвестициялары
Мәдениетмин, Денбілім.	Әрқашан	Республикалық және жергілікті
спортмин, Әділетмин, ИМ,		бюджеттер қаражаты шегінде,
Отбасы және әйелдер істері		халықаралық ұйымдардың грант.
жөнінде ұлттық комиссия		тары мен инвестициялары

Д. Әйелдер мен қарулы жанжалдар

Қазақстан Республикасы өмірінің негіз боларлық принциптері қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық болып табылады. Конституцияға сәйкес, ұлтаралық келісімді бұзатын кез келген әрекет Конституцияға жат саналады.

Қазақстан ядросыз мемлекеттердің қатарына жатады және көршілес елдермен бейбіт қатар өмір сүру, басқа мемлекеттермен өзара тиімді жағдайларда интеграцияға түсу, келісім актілеріне басымдық беру және басқа мемлекеттердің ісіне араласпау саясатын жүргізіп отыр.

Соған қарамастан, басқа мемлекеттердегі қарулы жанжалдардың салдарынан Қазақстанда босқындар проблемасы пайда болды.

Босқындардың құқықтық жағдайы, босқындар мәртебесін алудың тәртібі мен ережелері "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы заңымен айқындалған. Соңғысында халықаралық шарттарда қарастырылған жағдайлардан басқасында, босқындарды елден олардың келген жеріне қайтаруға немесе мәжбүрлі түрде апарып тастауға тыйым салынды.

1998 жылдың желтоқсанында Қазақстан БҰҰ-ның 1951 жылғы Конвенциясына және босқындардың мәртебесіне қатысты 1967 жылғы оған қосымша хаттамаға қосылды.

Қазіргі кезде "Босқындар туралы" заңның жобасы әзірленді, ол БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі Жоғары комиссары басқармасының (БҰҰ БІЖКБ) құқықтық сараптамасынан өткен.

Республиканың көші-қон қызметтеріне өздерін босқындар деп тану жөнінде 536 отбасы (1025 адам) өтінім жасады. 161 отбасына (440 адамға) босқындық мәртебесі берілді.

Қазақстанға босқындардан басқа репатриант-босқындар (оралмандар) келіп жатыр. Бұлар бір кезде Қазақстаннан саяси, ұлттық, діни және басқа себептер бойынша қудалаудың салдарынан зорлықпен немесе құқыққа жат шаралармен аласталған қазақтар, қазір олар өздерінің тарихи отанына қайтып оралуда.

Репатриант босқындар әскери қимылдар болып жатқан аймақтар - Тәжікстан мен Ауғанстаннан келіп жатыр. 1991 жылдан 1998 жылға дейінгі кезеңде 3560 отбасы (16,1 мың адам) келді. Репатриант босқындардың жағдайлары өте күрделі. Олардың арасында сауатсыздар көп. Іс жүзінде бәрі дерлік ұлтаралық қатынас тілін (орыс тілін) білмейді. Репатриант босқындардың көпшілік бөлігінің мамандықтары және тіршілік ету мүмкіндіктері жоқ. Әсіресе, әйелдер ауыр жағдайда қалып отыр.

Репатриант-босқындардың және басқа қоныс аударушылардың проблемаларын шешу үшін Қазақстанда көші-қон процестерін басқару жөнінде өкілеттік берілген - Көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды.

Д. бөлімі бойынша іс-шаралар жоспары. Әйелдер және қарулы жанжалдар

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Босқындар проблемалары бойынша заң жасау база.сын жетілдіру	Қазақстан Республикасының жобасын әзірлеу	Заңның жобасы
2	Репатриант босқындарды қабылдау және жайластыру	Репатриант босқындардың, оның ішінде әйелдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
		Репатрианттарға және басқа да қоныс аударушыларға арналған бейімделу орталықтарын құқықтық қамтамасыз ету	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
3	Армиядағы зорлық көріністерімен күрес	Әскери қызметшілер арасында зорлықты болдырмау жөніндегі іс-шаралар	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

таблицаның жалғасы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері

5	6	7
КДА (Көші қон және демогра. фия жөніндегі агенттік)	1999 ж.	
Еңбекәлеуметмин, КДА, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері, "Шағын несие" ҒӨБ	1999 ж.	Жергілікті бюджеттер, БҰҰ УВКБ, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымдар, қаража. тының шегінде
Қорғанысмин, Бас прокура. тура, СІМ, ПМ, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	1999 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, халықаралық ұйымдар қаража. тының шегінде

Е. Әйелдер және экономика

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануар әлемі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, ережелер мен шектерде жеке меншікте болуы мүмкін.

Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, еңбегі үшін әлдеқандай кемсітушіліксіз сыйақы алуға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Әркім еркін кәсіпкерлік қызметке құқылы.

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде сатып алған кез келген мүлікті жеке иеленуге құқығы бар, оның ішінде мұраға қалдыру құқығына заңмен кепілдік берілген. Соттың шешімі болмайынша ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды.

Қазақстанның экономикалық белсенді халқы 7,5 миллион адамға жуықтайды. Жұмыс істеушілердің жалпы санында әйелдердің үлес салмағы 46%.

Әйелдердің неғұрлым көп бөлігі денсаулық сақтауда, дене шынықтыруда, әлеуметтік қамсыздандыруда - жалпы жұмыс істеушілер санының 82%-і, білім беруде - 77%, қоғамдық тамақтану мен ақпараттық-есептеу қызметінде - 76%, мәдениетте - 70%, саудада - 3%, "қаржы-несие және сақтандыру" саласында - 66% болып отыр. Әйелдер өнеркәсіптің тоқыма, тігін, тамақ және электроника салаларында да көп.

Экономиканы қайта құрылымдау жеке меншік секторында, шағын және орта бизнесте, өндірістік емес қызмет көрсету саласында әйелдердің үлесін көтеруге себеп болды. 1997 жылы тұрмыстық қызмет көрсету саласында 11,6 мың (56,5%), шағын бизнесте - 76 мыңға жуық (38%) әйел жұмыс істеді.

1998 жылдың аяғында республикада 156,4 мың жұмыссыз әйел ресми түрде тіркелді, мұның өзі жұмыссыздардың 62 %-ін құрайды.

Еңбекке орналастыру мәселесі бойынша өтініш жасаған әйелдердің арасынан небәрі әрбір 6-шы әйел ғана жұмысқа ие болды. Жұмыс берушілер мұны әйелдердің еңбек рыногында бәсекелестікке қабілетінің төмендігімен түсіндіреді. Жұмыстан босатылғандардың арасында едәуір бөлігін он жылдан астам жұмыс стажы, жоғары және арнаулы орта білімі бар әйелдер құрайды.

Жұмыс күшіне деген сұраныстың түсіп кетуіне байланысты 45-тен жасы асқан жоғары және арнаулы орта білімі бар әйелдер өз мамандықтары бойынша жұмыс табу үмітінен айрылған.

Жұмыссыздар ретінде танылған әйелдердің жартысына жуығының асырауында жас балалар бар, олардың арасында мүгедек балаларды асырап отырған аналар 5 %-ті құрайды.

Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы еркектерге карағанда едәуір жоғары, 6,1 айға жуықтайды. Ұзақ уақыт жұмыссыз жүрген әйелдер жігі пайда болуда.

Қазіргі уақытта әйелдер экономиканың тіркелмейтін секторынан жұмысты тезірек тауып жүр. Көптеген әйелдер үшін "шоп-турлар" бірден бір кіріс көзі болып табылады. Мұның өзі отбасылық бюджеттің жартысынан астамын құрайды.

Халықтың өзін өзі жұмыспен қамтуы, отбасылық және жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында Үкімет Қазақстан Республикасында неғұрлым аз қамтылған азаматтарға шағын несиелер берудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруда.

Бағдарламаны іске асыру үшін "Шағын несие" үкіметтік емес ұйымы құрылды. Шағын несиенің мөлшері 1 адамға 400 АҚШ долларын құрайды. Шағын несиелерді берген кезде аз қамтылған әйелдерге басымдық беріледі. "Шағын несие" ҒӨБ барлығы жалпы сомасы 510 миллион теңгенің шағын несиесін берді. Алғандардың арасында 63%-і әйелдер.

Шағын несиелерді берумен, сондай-ақ аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі жалпы ұлттық қор да айналысады. Ол 3,4 миллион теңге сомасында 8,7 мың шағын несиені таратты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ұйымдардың қызметімен қатар шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдардың бағдарламалары іске асырылуда. Олар берген несиелердің үлесі жалпы несиенің

1998 жылы барлығы 29 мыңға жуық шағын несие берілді, мұның әлі де жеткіліксіз екендігі аян, жұмыспен қамтылмаған халықтың саны сарапшылардың бағалауынша қазір 1 млн. адамнан асады.

Е. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдер және экономика

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Әйелдердің жер және қаржы ресурстарына тең жағдайда қол жеткізуін тездету	Ауыл шаруашылығы өндірісін және кәсіпкерлікті ұйымдастыру үшін жер үлестерін табиғи қалпында жекешелендіру, жер учаскелерін сатып алу мәселелерінде әйелдерге жәрдемдесу	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
		Қазақстан Республикасының тоқыма және тігін өнеркәсібі шағын және орта кәсіпорындарын жекешелендіргеннен кейінгі қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру	Бағдарлама
		Қазақстан Республикасында 1999-2000 жж. арналған шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әйел кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасын әзірлеу	Бағдарлама

		Шағын несиелендірудің тетігін оңайлату	Үкіметтің қаулысы
2	Әйелдердің экономикалық, оның ішінде еңбек құқықтарын қорғау	Халықты жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
		Жұмыссыздар үшін ақы төле-нетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
3	Әйелдер мен олардың отбасыларының кәсіпкерлік қызметте өздерін-өздері қамдауы	Аз қамтылған әйелдер мен олардың отбасыларына шағын несиелерді бөлу	Несиелер, гранттар
		Қазақстанда шағын бизнесті дамыту, олардың филиалдарын ашу үшін Халықаралық әйелдер банкінен және басқа да халықаралық ұйымдардан қаржылық және техникалық көмектер алуға жәрдемдесу	Қаржылық және техникалық жәрдемдесу бағдарламасы (жобасы)

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

	Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
	5	6	7

	Ауылшармин, Облыстардың, Астана және Алматы ққ. әкімдері	Әрқашан	
	Энергоиндуссаудамин, СІМ, "Шағын несие" ҒӨБ	2000 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде,

(келісім бойынша)		БҰҰДБ (келісім бойынша),
		халықаралық ұйымдардың
		гранттары мен инвестициялары
Бизнесагенттік, СІМ, "Шағын	1999 ж.	Республикалық және жергілікті
несие" ҒӨБ		бюджеттер қаражаты шегінде,
(келісім бойынша)		халықаралық әйелдер банкі
		(келісім бойынша), БҰҰДБ
		(келісім бойынша), халық.
		аралық ұйымдардың гранттары
		мен инвестициялары
"Шағын несие" ҒӨБ	1999ж.	
(келісім бойынша)		
Еңбекәлеуметмин, Облыстар.	Әрқашан	Жергілікті бюджеттер қаражаты
дың, Астана және Алматы ққ.		шегінде
әкімдері		
Еңбекәлеуметмин, Облыстар.	Әрқашан	Жергілікті бюджеттер қаражаты
дың, Астана және Алматы ққ.		шегінде
әкімдері		
"Шағын несие" ҒӨБ	Әрқашан	Шағын бизнесті қолдау қоры,
(келісім бойынша),		аз қамтылған азаматтарды
аз қамтылған азаматтарды		қолдау жөніндегі жалпыұлттық
қолдау жөніндегі жалпыұлт.		қор, Еуропалық Қайта жаңарту
тық қор (келісім бойынша),		және Даму Банкі
отбасылары мен әйелдер		
істері жөніндегі ұлттық		
комиссия, СІМ		
Отбасылар және әйелдер	Әрқашан	Халықаралық гранттар мен
істері жөніндегі ұлттық		инвестициялар
комиссия, СІМ, "Шағын		
несие" ҒӨБ (келісім		
бойынша)		

Ж. Әйелдер өкімет құрылымдарында

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтар жынысына қарамастан, мемлекеттік істерді басқаруға тікелей және өздерінің өкілдіктері арқылы қатысуға құқылы деп жазылған.

Еркектер мен әйелдерге мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға тең құқықтар берілген. Заңдарда әйелдер үшін мемлекеттік қызметке қол жеткізуіне ешқандай шектеулер жоқ.

Сайлау заңдарында да Президентке, Парламенттің, мәслихаттардың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының депутаттарына кандидаттарды ұсынған кезде барлық азаматтардың теңдігі көзделген.

Іс жүзінде дәлелденіп отырғанындай, саясатпен айналысатын және жоғары және жергілікті заң шығарушы және атқарушы өкімет органдарында, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерде басшылық лауазымдарда істейтін әйелдер саяси басымдықтарды қайта қарауға өз үлестерін қосып отыр, перспективалық және ағымдағы мемлекеттік жоспарларға өзіндік ерекшелігі бар әйел проблемаларын көрсететін мәселелерді енгізуге қол жеткізуде.

Соңғы 2-3 жылда басшылық лауазымдардағы әйелдердің өкілдігі ұлғайды, Парламентте 114 депутаттың - 15-і әйелдер, олардың ішінде 3 әйел - негізгі тұрақты комитеттер - Сенаттың Экономика, қаржы және бюджет жөніндегі, Сенат пен Мәжілістің Заң және сот-құқық реформасы жөніндегі комитеттерінің төрағалары.

Үкіметке әйелдер мынадай тұрғыда көрінеді: 2 министр, 4 мемлекеттік комитет пен агенттіктің басшылары, 10 вице-министр, комитеттер мен агенттіктер төрағаларының орынбасары.

5 әйел облыс әкімдерінің орынбасары, 2 әйел елші болып табылады. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын әйел басқарады. 74,5 мың қызметші әйел экономиканың әртүрлі салаларында басшы лауазымдар атқарады.

Қазіргі кезде елде мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 ақпандағы N 13 Өкімін іске асыру мақсатында мемлекеттік қызметке кіруге ықылас білдірген азаматтарды құжаттар конкурсынан өткізу және сынақтау жолымен конкурстық іріктеу жүргізілуде.

Өткізілген конкурсқа қатысуға өтінім берген азаматтардың құжаттарын конкурстық реттеудің нәтижесі бойынша мемлекеттік органдар мәлімдеген 61

орынға 229 қатысушы жіберілді, олардың ішінде 115-і әйелдер болды.

Кәсіподақтарда, елдің қоғамдық және саяси өмірінің проблемаларымен айналысатын қоғамдық бірлестіктерде басшы лауазымдағы әйелдердің саны е д ә у і р к ө б е й д і .

Соған қарамастан саяси шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесі әзірше еркектердің құзыры (прерогатива) болып қалуда. Қызметкерлерінің басым көпшілігін әйелдер құрап отырғанына қарамастан, білім беру, өнер, мәдениет, бұқаралық ақпарат сияқты салалардағы басшы лауазымдарда олар аз.

Ж.бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдер өкімет құрылымдарында

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекет	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Әйелдердің өкімет құрылымына тең жағдайда жетуін қамтамасыз ету, олардың шешімдерді қабылдау деңгейіне дейін ілгерілеуі үшін жағдайлар жасау	Мемлекеттік қызметтегі бос лауазымдарға орналастыруда конкурстық іріктеуге қатысу үшін әйелдердің әлеуетін арттыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
		Әйелдердің уәкілетті және атқарушы өкімет органдарына, саяси партияларға қатысуы үшін квота туралы зерттеулер жүргізу.	Зерттеулер, Үкіметке ақпарат
		Әйелдердің жоғары және жергілікті заң шығарушы және атқарушы өкімет органдарына қатысуы туралы жыл сайын Қазақстан Республикасының Президентіне баяндама дайындау	Баяндама

2	Қоғамның саяси, эконо. микалық және әлеуметтік өміріне қатысуы үшін әйелдердің мүмкіндікте. әйелдер мен депутаттыққа	Саяси науқандар өткізу, жария сөз сөйлеу дағды. ларына, т.б. сайлаушы	Семинарлар, білім беру бағдарлама. лары
	рі мен олардың әлеуетін арттыру	кандидат әйелдерді жаппай үйрету жөнінде семинарлар өткізу және білім беру бағдарламаларын іске асыру	
		Депутаттыққа кандидат әйелдерді қолдау жөнінде штабтар, парла. менттік топтар, парла. менттік топ. тар мен қоғамдық бірлес. тіктер құруды ынталандыру	Штабтар, парла. менттік топтар, қоғамдық бірлес. тіктер
		Саясаткер әйелдер үшін кітаптар, брошю. ралар, оқу құралдарын, сондай-ақ жетекші-әйелдер туралы анықтамалар басып шығаруды ұйымдастыру	Кітаптар, брошю. ралар, оқу құралдары

таблицаның жалғасы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7

МҚА (келісім бойынша),
Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия
Әрқашан

Отбасы және әйелдер істері 2000 ж.	Халықаралық ұйымдардың грант.
жөніндегі ұлттық комиссия,	тары мен инвестициялары
СІМ, БҰҰДБ (келісім бойын.	
ша), қоғамдық бірлестіктер	
(келісім бойынша)	
МҚА (келісім бойынша), Жыл сайын	
Отбасы және әйелдер	
істері жөніндегі ұлттық	
комиссия	
Мәдениетақпармин, Жыл сайын Бөлінген бюджеттік қаражат	
Отбасылары және әйелдер	шегінде, халықаралық ұйымдар.
істері жөніндегі ұлттық	дың гранттары мен инвестиция.
комиссия, қоғамдық бірлес.	лары
тіктер (келісім бойынша)	
Парламент (келісім бойын.	Әрқашан
ша), Отбасы және әйелдер	
істері жөніндегі ұлттық	
комиссия	
Мәдениетақпармин, СІМ, Әрқашан Республикалық және жергілікті	
қоғамдық бірлестіктер	бюджеттер қаражаты шегінде,
(келісім бойынша)	халықаралық ұйымдардың
	гранттары мен инвестициялары

3. Әйелдерді ілгерілетудің ұстындық (институционалдық) тетіктері

Отбасының мүдделерін қорғау, елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне әйелдердің атсалысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Бұған дейін Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Отбасы, әйелдер және демография саясатының проблемалары жөніндегі кеңес жұмыс істеп келген болатын.

Ұлттық комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының министрі болып табылады. Ұлттық комиссияның құрамына мемлекеттік қайраткерлер, ғылыми

және мәдени жұртшылықтың, кәсіпорындардың, ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметшілер, барлығы 28 адам кірді. Мұндай комиссиялар облыстар, Астана және Алматы ққ. әкімдерінің жанында да құрылды. Оларды әкімдердің орынбасарлары басқарады.

Ұлттық комиссияға, "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді даму стратегиясы мақсатындағы аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін басымдықтарды айқындау және ұсынымдар әзірлеу, отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты мемлекеттік саясаттың тұғырнамасы мен баяндамасын әзірлеуге қатысу, осы салаға қатысты заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау, және т.б. міндеттер жүктеледі.

Ұлттық комиссия қызметінің басымдығы ретінде әйелдердің саясатқа, өкімет органдарына, экономикаға араласуы, оларды жұмыспен қамту, отбасы проблемалары және зорлықтан қорғау белгіленген.

Осы басымдықтарды атқару үшін халықаралық ұйымдардың бірлесіп, әйелдердің мәслихаттар мен Қазақстан Республикасының Парламенті сайлауларына белсенді қатысуы үшін сайлау технологияларын зерделеу жөнінде бірқатар семинарлар өткізді.

БҰҰДБ-мен бірлесіп гендерлік статистика жөнінде аймақтық семинар өткізілді. Статистика жөніндегі агенттіктің жоспарларында оларды таяу уақытта енгізу көзделіп отыр.

Қолданылып жүрген заңдарға гендерлік сараптама жасалуда. БҰҰ, ЕҚЫҰ қатысуымен тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы заңның жобасы әзірленіп жатыр.

3. бөлімі іс-шаралардың жоспары. Әйелдерді ілгерілетудің ұстындық (институционалдық) тетіктері

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Отбасы және әйелдер проблемалары жөніндегі заңдарды жетілдіру	Депутаттардың заң шығарушылық бастамасы, тең құқықтар мен мүмкіндіктер	Заңның жобасы

		туралы заңды әзірлеу	
2	Елдің әлеуметтік-эконо- микалық саясатына ген- дерлік (әлеуметтік- құқықтық) көзқарасты енгізу	Экономикалық және әлеу- меттік бағдарламаларды әзірлеген кезде гендерлік индикаторларды пайдалану Мемлекеттік статистикалық органдарда гендерлік статистика жөніндегі арнаулы құрылым жасау "Қазақстандағы әйелдер мен ерлер" анықтамалығын дайындау	Гендерлік инди- каторларды пайда- лану Төрағаның бұйрығы Анықтамалық
3	Әйелдерді ілгерілету саласындағы ұлттық тетіктерді нығайту	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде Отбасы және әйелдер істері жөнінде комитет құру	Парламент Мәжілісінің қаулысы
4	Әйелдер мен балаларға қайырымдылық көмек бе- руде қоғамдық бірлес- тіктерге және басқа ме- кемелерге жәрдемдесу	Депутаттардың заң шығару. шылық бастамасы, "Қайырым. дылық қызметі және қайы- ырымдылық ұйымдары туралы" заңның жобасын әзірлеу	Заңның жобасы
5	Қоғамдық бірлестіктер. қызметіне жәрдем беру	Қоғамдық бірлестіктерді тіркеудің рәсімдерін оңайлату	Заңның жобасы

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

	Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
	5	6	7

Парламент, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия	2000 ж.	
СЖ және РА (келісім бойынша), Статагенттік, министрліктер мен ведомстволар	Әрқашан	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде
Статистика жөніндегі агенттік	1999 ж.	
Статагенттік, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия	Жыл сайын	
Парламенттің Мәжілісі (келісім бойынша)	1999 ж.	
Парламент (келісім бойынша)	2000 ж.	
Әділетмин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	2000 ж.	

И. Әйел құқығы - адам құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адамның құқықтары әркімге туғанынан тиесілі, таласы жоқ және шеттетуге болмайды деп саналады. Ешкім шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлік жағдайлары, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге деген көзқарасы, нанымдары, тұрған жері бойынша немесе кез келген өзгеше жағдаяттар бойынша әлдеқандай кемсітушілікке ұшырауға тиісті емес.

Бұл құқықтардың жүзеге асырылуы білім алуда және кәсіби даярлықта,

қоғамдық-саяси және мәдени қызметте әйелдерге еркектермен тең мүмкіндіктер берілуімен, сондай-ақ әйелдердің еңбегі мен денсаулығын қорғау жөніндегі арнаулы шаралармен; еңбекті ана болумен қатар атқаруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасаумен, құқықтық қорғаумен, отбасын және әке болуды, ана мен баланы материалдық және моральдық қорғаумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Z980321_ Заңы еркектер мен әйелдердің некелік одағының еріктілік принципін, отбасында жұбайлардың теңдігін бекітеді.

Жұбайлар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттілікте болады. Некедегі кезінде жұбайлар жинаған мүлік олардың ортақ игілігі болып табылады. Әйелдің балалар үшін олар 16 (18) жасқа жеткенге дейін алимент (асырау пұлы) алуға құқығы бар және т.б.

Қазақстанда әйелдердің еңбекке, оның ақысын алуға, демалуға және әлеуметтік қамтамасыз етілуге тең құқығы бар.

Әйелдердің еңбегіне Қазақстан КСР-ның Еңбек туралы заңдар кодексінің арнайы тарауы арналған. Онда жұмысқа қабылдаған кезде кепілдіктер беру және жүкті әйелдерді және балалары бар әйелдерді жұмыстан босатуға тыйым салу, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беру; әйелдердің сондай-ақ жерасты жұмыстарында пайдалануға тыйым салу және т.б. көзделген.

Жұмыссыздық, жалпы тіршілік деңгейінің төмендеуі жағдайларында әйелдердің бір бөлігі бұл құқықтар мен шектеулерді кемсітушілік ретінде қабылдап отыр, өйткені бұл олардың еңбекке жайғасуына бөгет жасауы мүмкін.

Қолданылып жүрген заңдарда әйелдердің құқығын қорғаудың қылмыстық-құқықтық шаралары бекітілген. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі қылмыстық кодексіне алғаш рет "Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс" деген жаңа тарау енгізілді.

Балаларды немесе еңбекке қабілетсіз ата-аналарды күтуге, еңбекке қабілетсіз зайыбын (ерін) күтуге, балаларының өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, т.б. жөніндегі міндеттерін тиісті дәрежеде атқаруға қаражат бөлуден әдейі бас тартушылар үшін жауаптылық қарастырылған.

Қылмыстық кодексте әйелдерге қатысты жаза қолдануда шек қойылған. Жүкті әйелдерге, сегіз жасқа жетпеген балалары бар, сондай-ақ елу жасқа жеткен әйелдерге бас бостандығын шектеу қолданылмайды. Жүкті, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге қамауға алу қолданылмайды. Әйелдерге өмірлік бас бостандығынан айыру да белгіленбейді.

1998 жылғы 29 маусымда Қазақстан Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылды. 1995 жылғы 26 мамырда ТМД шеңберінде Қазақстан Республикасы адамның құқықтары мен негізгі

бостандықтары туралы конвенцияға қосылды, онда әйелдерге қатысты өлім жазасын қолданбау туралы нысан бекітілген. Адам құқықтары бойынша Қазақстан 20-дан астам халықаралық конвенциялар мен шарттарға қосылған.

Бұдан әрі әйелдердің саяси құқықтары туралы, аналарды қорғау, күйеуі бар әйелдердің азаматтығы туралы, некеге отыруға келісім беру, некелік жас және некені тіркеу және отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты және басқа конвенцияларға Қазақстанның қосылуы туралы мәселені қарау көзделіп отыр.

Алайда, Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған азамат құқықтарының көпшілігі нақты мемлекеттік кепілдіктермен, ең алдымен соттың қорғауымен, олардың бұзылғандығы үшін жауаптылықпен бекітілмеген. Әйелдерге қарсы зорлық фактілері, еңбек қатынастарындағы, қызметі бойынша жылжудағы және т.б. теңсіздік көріністері қоғамның қатты алаңдаушылығын т у ғ ы з ы п о т ы р .

Қалыптасқан ахуалды өзгерту мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті 1997 жылдың 5 наурызында Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясаты конвенциясын мақұлдады. Ол әйелдерге қатысты мемлекеттік саясаттың жалпы стратегиясы мен басым бағыттарын айқындайды.

И. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйел құқығы - адам құқығы

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Әйелдердің құқығын іс жүзінде қамтамасыз етуге қол жеткізу	Гендерлік теңдіктің қолданылып жүрген заңдардың гендерлік сараптамасы; жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеген кезде халықтың гендерлік айырмашылықтарын есепке алу жөніндегі конституциялық принциптерге сәйкес заңдарды жетілдіру	Гендерлік сараптама

		Отбасы, әйелдер мен бала. Қолданылып жүрген лар мәселелері бойынша БҰҰ заңдарға сәйкес конвенцияларына және басқа халықаралық конвенцияларға қосылу Күйеудегі әйелдер. дің азаматтығы туралы кон. венция Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция Әйелдерге қатысты зорлау. дың тамырын жою туралы декларация	
2	Қоғамда және отбасында Қылмыстық және Қылмыстық Заңның жобасы әйелдер мен ерлер үшін іс жүргізу кодекстерін жыныс белгісі бойынша Қазақстан Республикасының кемсітушілікті жою, тең Конституциясымен, әйелдер. құқықтарға қол жеткізу ге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциямен және әйелдерге қатысты зорлық. тың тамырын жою туралы декларациямен сәйкестікке келтіру		
3	Халықтың гендерлік Бұқаралық ақпарат құрал. Жарияланымдар, проблемалар саласындағы дарында әйелдердің құқығы теле-және радио. құқықтық сауаттылығына саласындағы халықаралық хабарлар қол жеткізу құжаттар мен Қазақстан Республикасының заңдарын ұдайы жариялап отыру		

таблицаның жалғасы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі Қаржыландыру көздері
---------------------	-------------------------------------

5	6	7
<p>Әділетмин, Бас прокуратура (келісім бойынша), ПМ, Еңбекәлеуметмин, Денбілім. спортмин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, СІМ, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)</p> <p>СІМ, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, министрліктер мен ведомстволар</p>	<p>2000 ж. және әрі қарай</p>	<p>Халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары</p>
<p>Әділетмин, Бас прокуратура (келісім бойынша), ПМ, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)</p>	<p>2000 ж.</p>	<p>Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының шегінде</p>
<p>Мәдениетақпармин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)</p>	<p>Әрқашан</p>	<p>Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының шегінде</p>

К. Әйелдер мен бұқаралық ақпарат құралдары

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдерге қатысты көптеген бағдарламалар пайда болды. Соған қарамастан, ұзақ мерзімді

мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруды талап ететін бірқатар проблемалар бар.

Гендерлік проблематикаға лайықты көңіл бөлінбей келеді.

Әйелдерге қатысты зорлықтың көріністері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы адамгершіліктік намысты түсіретін баспалық және көрсетпелік өнімдік әйелдердің әлеуметтік мәртебесіне, әйелдің, әсіресе өскелең ұрпақтың лайықты бейнесін қалыптастыруға кері әсерін тигізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары әйелдің байыпты бейнесін қалыптастыруға, оны жасампаз тұлға, елдің дамуындағы қоғамдық процестің белсенді құрылысшысы ретінде көрсетуі тиіс.

Дәйекті ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін мынадай стратегиялық мақсаттар мен басымдықтар:

әйелдердің өз мүдделерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білдіруіне және жаңа коммуникациялық технологияларға кең жол ашу;

әйелдерді бұқаралық ақпарат құралдарында объективті және жаттандылықсыз бейнелеу іске асырылатын болады.

К. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдер және бұқаралық ақпарат құралдары

Рет	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын іске асыру мәселелерін БАҚ-да жоспарлы және мақсатты түрде жариялап тұру	Тұрақты жарияланымдар, ақпараттық және тақырыптық радио-телехабарлардың бағдарламалары	Жарияланымдар, теле-радиохабарлар
2	Әйелдердің құқықтық сауаттылығын дамыту	"Дөңгелек столдар", оқу семинарларын, тренингтер	Дөңгелек столдар, семинарлар,

		өткізу.	БАҚ-дағы айдарлар
		Басылатын БАҚ-да арнайы	
		"Әйел және құқық" айдарын	
		ж а с а у	
3	Елдің қоғамдық-саяси өміріне әйелдердің белсенді қатысуын насихаттау	"Саясат келбеті" телехабарларын дайындау және жүргізу	Телехабарлар
4	Әйелдің қоғамдағы рөлі туралы оңды мәліметтермен фактілерді кеңінен көрсету	Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гендерлік проблемаларды насихаттау жөнінде ұсынымдар жасау	Ұсынымдар
		Әйелдердің адамгершілік намысын түсіретіндей бейнелердің көрсетілуін болдырмау жөнінде шаралар қолдану	Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес
		Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы гендерлік тепе-теңдік принциптерін тарату	Жарияланымдар, теле- және радиохабарлар
		БАҚ арасында қоғамдағы әйелдерді дұрыс бейнелеудің республикалық конкурстары мен пікірталастарын жүргізу	Конкурстар және пікірталастар
		"Қазіргі қоғамдағы әйелдердің жағдайы: құқықтық, әлеуметтік, мәдени және білім беру салалары" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу	Конференция

	Әйел сексуалдылығын пай. Ұсыныстар	
	далануды және әйелдердің	
	азаматтық құқықтарын бұзу.	
	ды болдырмайтын Қазақстан	
	Республикасының "Жарнама	
	туралы" заңының жобасына	
	ұсыныстар дайындау	

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7

Мәдениетқпармин, Отбасы және әйелдер істері жөнін. дегі ұлттық комиссия	Әрқашан	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде
Мәдениетқпаратмин, Әділетмин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	Әрқашан	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде
	1999 ж.	
Мәдениетқпармин	Айына екі рет	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде
Мәдениетқпаратмин, Отбасы және әйелдер істері жөнін. дегі ұлттық комиссия, Әділетмин, СІМ, ҒӨБ (келісім бойынша)	1999 ж.	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
	1999 ж.	

	Ә р қ а ш а н	
	Ә р қ а ш а н	
	1 9 9 9 ж .	
	2 0 0 0 ж .	

Л. Әйелдер және қоршаған орта

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет қоршаған ортаны қорғауды, әйелдер мен адамның денсаулығы үшін қолайлы жағдай жасауды өзінің мақсаты етіп қойып отыр.

Қоршаған ортаны қорғауды заңды түрде реттеу мақсатымен республикада "Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы туралы", "Қоршаған ортаны қорғау туралы", "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы", "Еңбекті қорғау туралы" заңдар жұмыс істеуде.

Қазақстандағы экологиялық ахуалға, ең алдымен, экономикадағы оның шикізаттық бағдарлануы, күрделі табиғи-климаттық жағдайлары әсер етуде.

Қазақстан аумағында экологиялық апатты - Арал өңірі аймағы бар. Семей ядролық полигонындағы және басқа әскери полигондардағы сынақтар табиғатқа з о р з а л а л ы н т и г і з д і .

Қазақстанның айтарлықтай күрделі шаруашылық кешені өнеркәсіптік, тұрмыстық, улы қалдықтардың едәуір көлемі жинақталуына, атмосфера ауасының, топырақ пен су бөгендерінің ластануына ықпалын тигізді.

Өзекті проблемалардың бірі халықты сумен жабдықтаудың тапшылығы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ауыз судың тапшылығы, су құбырларының тозуы ауыз суының сапасы төмендеуінің және ішек аурулары таралуының себептеріне айналды.

Қоршаған ортаның қолайсыз жай-күйі әйелдер мен балалардың денсаулығына кері әсерін тигізуде, ал әлеуметтік экономикалық жағдайдың нашарлауы елдегі демографиялық ахуалға ықпал етуде. 1992-1997 жылдарда халықтың табиғи өсуі 1000 адамға шаққанда 12,1-ден 4,6-ға дейін төмендеді.

1996 жылы Экологиялық қауіпсіздік конвенциясы қабылданды. Ол қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-қимылдардың ұлттық жоспарының басымдығын (НПДООС/УР), ХХІ ғасырға арналған стратегияны айқындап берді.

1999 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі БҰҰ мен дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілдіктерімен бірлесіп елді тұрақты дамытудың ықшам экологиялық бағдарламасына қол қойды.

Оны іске асыру үшін (НПДООС/УР) республикалық орталығы құрылды.

Елдегі экологиялық ахуалды жақсарту үшін 26 арнаулы бағдарлама әзірленді. Оның ішінде "Ауыр металдардың техногендік биогеохимиялық провинциялар жағдайларында әйелдердің рұқтық (репродуктивтік) функциясына әсері және сауықтыру іс-шараларының жүйесін әзірлеу", "Қазақстан Республикасы су жүйелерінің эпидемиялық жарамдылығын қолдауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру" және басқа бағдарламалар бар.

Л. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Әйелдер және қоршаған орта

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Қоршаған ортаның жай-күйін, әйелдердің өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту	Қазақстан Республикасының Қоршаған орта гигиенасы жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын әзірлеу және іске асыру "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу Неғұрлым көп ластанған - Алматы, Лениногор, Тараз, Өскемен, Шымкент, Екібас. тұз, т.б. өнеркәсіп орталықтарының ауа бассейнін сауықтыру, экологиялық таза технологиялар мен осы заманғы жабдықтарды енгізу Таза, экологиялық қауіпсіз өнімдерді өндіруді ынталандыру	Ұлттық іс-қимылдар жоспары Бағдарлама Бағдарламалар, іске асырылған жобалар Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

		Арал өңірінде, Семей және Қолданылып жүрген	
		басқа экологиялық қолайсыз заңдарға сәйкес	
		аймақтарда әйелдердің ден.	
		саулығына әртүрлі факті.	
		лердің ықпалын бағалаудың	
		өлшемдерін әзірлеу	
2	Қоршаған ортаның жай- Мектептерде және басқа оқу Министрдің		
	күйі және оны қорғау орындарында экологиялық бұйрығы		
	жөніндегі шаралар тура. білім беру жүйесін		
	лы халықтың хабардарлы. жетілдіру		
	ғын көтеру		
		Қазақстан Республикасының Атлас	
		Медициналық-экологиялық	
		атласын шығаруға дайындау	
		Қоршаған ортаны қорғау Жинақ	
		жөніндегі шолулар мен	
		тұрақты есептерді дайындау	
		Қоршаған ортаны қорғау Жинақ	
		жөнінде жинақ дайындау	

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

	Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
	5	6	7

Денбілімспортмин,	1999 ж.	Республикалық және жергілікті
Табиғатмин		бюджеттер қаражаты шегінде
Ауылшармин, Денбілімспорт.	2000 ж.	
мин, Табиғатмин, облыстар.		
дың, Астана және Алматы ққ.		

Әкімдері		
Облыстардың, Астана және Алматы қ. әкімдері, Табиғатмин, Энергеиндус. саудамин, СІМ	Әрқашан	Жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде, Халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Энергеиндуссаудамин Денбілімспортмин, Ауылшармин	Әрқашан	
Табиғатмин, Денбілімспортмин	2003 ж.	Халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
Табиғатмин, Денбілімспортмин, СІМ, Статагенттік	2000 ж.	Халықаралық ұйымдардың гранттары мен инвестициялары
	2000 ж.	
	Жыл сайын	
	Жыл сайын	

М. Қыздар

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес балалар туралы қамқорлық, ата-аналардың табиғи құқығы және міндеті болып табылады. Отбасы мен балалар мемлекеттің қамқорлығында болады.

Қолданылып жүрген заңдар білім алуда, медициналық қызметті пайдалануда және өмір тіршілігінің барлық басқа салаларында қыздарға ұл балалармен тең құқықтар береді.

Қазақстанда тұратын барлық ұлыстарда қыздарға қатысты теріс ұлттық дәстүрлер іс жүзінде байқалмайды.

1993 жылы Қазақстан "Сәбидің құқықтары туралы" БҰҰ конвенциясына қосылды, оның ережелері Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерінде бекітілген. Қазіргі кезде Қазақстанда 14 жасқа дейінгі шамада 2283 мың қыз балақайлар мен 436,8 мың жасөспірім (15-17 жас) қыз өмір сүреді. Оқу бағдарламаларының шегінде қыздарға адамгершілік-жыныстық тәрбие, жеке гигиена жөнінде сабақтар беру, салауатты өмір салтын дарыту көзделіп отыр. Алайда, бұл жұмыс барлық мектептерде бірдей жүргізілмейді.

Әдетте, қыздар ұлдарға қарағанда ыждағатты және жақсы оқиды. Алайда, 1997/98 оқу жылында ЖОО студенттерінің жалпы санында қыздар 33% қана б о л ы п о т ы р .

Қазақстан Республикасының заңдары қыздарға қарсы зорлық жасағаны үшін қылмысты жауаптылықты көздейді. Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша жыл сайын 2 мыңға жуық қыз зорлау мен оларға қастандық жасау әрекеттері ресми түрде тіркеледі. Іс жүзінде мұндай оқиғалар әлдеқайда көп, өйткені жәбірленгендердің бәрі бірдей құқық қорғау органдарына өтініш жасай бермейді.

М. бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспары. Қыздар

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.11.13. N 1705 , 2002.07.19. N 808 қаулыларымен.

Рет N	Мақсаты және міндеттері	Нақты іс-әрекеттер	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
1	Қыздарды адамгершілік-құқықтық тәрбиелеу, оларға салауатты өмір салтының дағдыларын дарыту	<*> Оқу орындарында СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жүргізу жөніндегі, "Сен туралы" жас гигиенасы жөніндегі бағдарламаларды енгізу	<*> Бағдарламалар
		Жоғары сыныптағылар үшін "Өзіңді тани біл" оқулығын шығару	Оқулықтар
		Адамгершілік-жыныстық тәр.	Мектеп бағдарла.

		бие жөніндегі мектеп	маларына өзгеріс.
		бағдарламаларына қыздарға	тер енгізу
		қатысты зорлыққа қарсы	
		күрес жүргізу туралы бөлім	
		енгізу	
2	Балабақшаларда және мектептерде қыздар мен ұл балаларды міндетті түрде мектеп жасына дейінгі даярлауды енгізу	Қазақстан Республикасының	Заңның жобасы
		"Оқу туралы" заңына өзге.	
		рістер енгізу	
3	Қоғамда кемсітушіліктің кез келген нысанынан баланы құқықтық және әлеуметтік қорғаудың тетігін жасау	Қазақстан Республикасының	Заңның жобасы
		"Баланың құқықтары туралы"	
		заңының жобасын әзірлеу	
4	Өсуінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау	Қазақстан Республикасының	Заңның жобасы
		"Денсаулығында мүмкіндік.	
		тері шектеулі балалар мен	
		жасөспірімдерді әлеуметтік	
		және коррекциялық-педаго.	
		гикалық қолдау туралы"	
		заңының жобасын әзірлеу	
5	Балалар еңбегін қорғауды қамтамасыз ету	ХЕҰ-ның "Жұмысқа қабылдау	Қолданылып жүрген
		үшін ең аз жас шамасы ту.	заңдарға сәйкес
		ралы" N 138 және баланың	
		еңбегі жөніндегі N 173	
		конвенцияларына қосылу	
6	Қыздардың қауіпсіздігін және оларды коммерциялық пайдаланудан қорғауды қамтамасыз ету	Қыздарға қатысты сексуал.	Қолданылып жүрген
		дық зорлықтың, трафиктің	заңдарға сәйкес
		(саудалау) және порногра.	
		фияның таралуына жол бер.	
		меу жөніндегі саясатты	
		әзірлеу	

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Жауапты атқарушылар	Атқару мерзімі	Қаржыландыру көздері
5	6	7
Денбілімспортмин, Ғылыммин, СІМ, Облыстардың,	2001 ж. екінші жартыжылдығы	Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шегінде,
Астана және Алматы қк. әкімдері	<*>	халықаралық гранттар мен инвестициялары
Денбілімспортмин	2000 ж.	
Денбілімспортмин, Әділетмин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия	2000 ж.	
Еңбекәлеуметмин, Денбілімспортмин	1999 ж.	
Еңбекәлеуметмин, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, С І М	2001 ж.	
ІІМ, Денбілімспортмин	2000 ж.	

Қорытынды

Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары әйелдердің жағдайы жөніндегі ІV конференцияда (Пекин, 1995 ж.) айқындалған 12 басымдықты қамтиды. Бұл

басымдықтар Қазақстан Республикасының Президенті Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия үшін белгілеген іс-қимылдың төрт негізгі бағыттарына топтастырылған. Бұл - әйелдердің және олардың отбасыларының денсаулығын жақсарту, елдің қоғамдық-саяси өміріне әйелдердің белсене араласуы және олардың шешімдер қабылдау деңгейіне дейін көтерілуі, экономикалық ілгерілеу және әйелдерге қатысты зорлықтың жолын кесу.

Іс-қимылдардың ұлттық жоспарының мақсаты мен міндеттеріне кезең-кезеңмен жету көзделіп отыр: I кезең (қысқа мерзімді) - 1999-2000 ж., II кезең (орта мерзімді) - 2001-2005 жж. III кезең (ұзақ мерзімді) - 2006-2030 жж.

Әйелдердің денсаулығы мәселелері жөніндегі негізгі мақсаттар әйелдердің рұқтық (репродуктивтік) денсаулығын қорғау және отбасын жоспарлау, анемия ауруын және әйелдер мен балалардың денсаулығына экологиялық құбылыстардың зиянды ықпалын төмендету, жыныс жолымен берілетін аурулардың алдын алу, т.б. болып табылады.

Әйелдерді экономикалық ілгерілету экономикалық және жер ресурстарына олардың тең жағдайда жіберілуін қамтамасыз етуді, әйел кәсіпкерлігін дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасауды, отбасы мен әйелдерді әлеуметтік қорғаудың жүйесін жетілдіруді көздейді.

Қолданылып жүрген заңдарды қайта қарау жолымен іс-қимылдардың жоспарын, сондай-ақ әйелдерді зорлықтан қорғау және зорлықтың құрбандарын сауықтыру жөніндегі пәрменді тетіктерді жасауды, зорлықтан зардап шеккен әйелдер үшін деректердің ақпараттық базасын, дағдарыстық орталықтар мен сенімгерлік телефондарын құруды және т.б. көздейді.

Әйелдердің саяси қатысуы саласында әйелдерді өкімет құрылымына ілгерілетудің пәрменді тетіктерін жасауды, гендерлік көзқарастарды, оның ішінде тең құқықтары мен мүмкіндіктер туралы заңды ескере отырып, заңдардың қолданылып жүргендерін қайта қарауды және жаңасын әзірлеуді көздейді.

Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын қаржыландырудың республикалық және жергілікті бюджеттерде қарастырылған шегінде, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды, донор-елдер мен халықаралық ұйымдардың көмектерін тарту ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .